

Тақырыбы: АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ АЯҚТАЛУЫ



Мемлекеттік сот орындаушысы борышкерден өндіріп алған сомадан:

1. атқарушылық құжатты орындау процесінде борышкерге салынған айыппұлдар;
2. орындау жөніндегі шығыстар төленеді;
3. қалған сома өндіріп алушыны;
4. әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде басқа сот орындаушыларындағы атқарушылық құжаттар бойынша талаптарын қанағаттандырады.

Жеке сот орындаушысы борышкерден өндіріп алған сомадан:

1. атқарушылық құжатты орындау процесінде борышкерге салынған айыппұлдар;
2. жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу жөніндегі сомалар және атқарушылық құжат бойынша шығыстар;
3. қалған сома өндіріп алушыны;
4. әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде басқа сот орындаушыларындағы атқарушылық құжаттар бойынша талаптарын қанағаттандырады.

Барлық талаптар

қанағаттандырылғаннан кейін қалған
сома **борышкерге қайтарылады.**

Борышкерден өндіріп алынған және
өндіріп алушыларға берілуге тиіс
сомаларды сот орындаушысы **аумақтық
органның қолма-қол ақшаны бақылау
шотына** немесе жеке сот
орындаушысының **ағымдағы шотына
есептейді**, содан кейін олар Қазақстан
Республикасының заңнамасында
белгіленген тәртіппен беріледі немесе
аударылады.

Өндіріп алушылардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігі:

Бірінші кезекте

- алименттерді өндіріп алу бойынша талаптар;
- жарақат алудан немесе денсаулығын өзге де зақымдаудан, сондай-ақ асыраушысының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянды өтеу жөніндегі талаптар;
- қызметкерлердің еңбектегі құқық қатынастарынан туындайтын талаптары қанағаттандырылады.

Екінші кезекте

- патенттер берілген шығармаларды, өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдаланғаны үшін авторларға тиесілі сыйақы төлеу туралы талаптар,
- азаматтардың қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықпен өздерінің мүлкіне келтірілген залалды өтеу жөніндегі талаптары қанағаттандырылады.

Үшінші кезекте

- сыйақыны, орындау мерзімін өткізіп алудан келтірілген залалды өтеуді, тұрақсыздық айыбын, кепілге қойылған мүлікті ұстау бойынша қажетті шығындарды;
- кредиторлардың кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелері бойынша талаптары қанағаттандырылады.

Төртінші кезекте

- салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша талаптар;
- заңды тұлғалардың қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықпен келтірілген залалды өтеу жөніндегі талаптары қанағаттандырылады.

Бесінші кезекте қалған талаптардың бәрі қанағаттандырылады.

Атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға:

- 1) борышкердің мүлкін анықтауға, қарауға, бағалауға;
- 2) борышкер мүлкіне тізімдеме жасауды және тыйым салуды ұйымдастыру мен өткізуге, мұндай мүлікті тасымалдау мен сақтауға;
- 3) тыйым салынған мүлікті өткізуді ұйымдастыруға;

4) белгіленген тәртіппен атқарушылық әрекеттер жасауға тартылған аудармашыларға, мамандарға және басқа да адамдарға ақы төлеуге;

5) өндіріп алынған сомаларды өндіріп алушыға почта арқылы аударуға (жіберуге);

6) өндіріп алынған соманы қолма-қол ақшаны бақылау шотынан және ағымдағы шоттан беруге байланысты банк шығыстарына;

8) өндіріп алушының аванстық жарнасына;

9) атқарушылық әрекеттерді жасау кезінде сот орындаушысының қалалық, қала маңындағы және жергілікті қатынастағы (таксиден басқа) қоғамдық көліктің барлық түрлерінде жол жүруіне, оның ішінде жеке сот орындаушысының іссапар шығыстарын төлеуге;

10) атқарушылық құжатты орындау процесіндегі басқа да қажетті әрекеттерге;

11) сот орындаушысы орындау процесіне тартқан адамдардың өзге де сыйақыларына жұмсалған қаражаттар жатады.

Мемлекеттік сот орындаушысы атқарушылық құжат толық орындалғаннан кейін борышкерге өндіріп алынған соманың немесе мүлік құнының **он пайызы мөлшерінде** немесе мүліктік емес сипаттағы атқарушылық құжаттар бойынша **жеке адамдардан он айлық есептік көрсеткіш** мөлшерінде және **заңды тұлғалардан жиырма айлық есептік көрсеткіш** мөлшерінде мемлекет кірісіне атқарушылық санкциясын ерікті түрде төлеуді ұсынады.

Атқарушылық санкциясы республикалық бюджетке **аударылады.**

Атқарушылық санкциясы өндірілмейді егер:

- 1) борышкер атқарушылық құжат мәжбүрлеп орындатуға ұсынылғанға дейін толық көлемде атқарушылық құжатты орындаса;
- 2) атқарушылық құжат бойынша өндірілген сомадан он пайызы мөлшерінде өндірілуге тиісті атқарушылық санкциясы бір айлық есептік көрсеткіштен аз болса;
- 3) борышкер мемлекет болып табылса, өндірілмейді

Атқарушылық іс жүргізу тоқтатылады, егер:

- өндіріп алушы өндіріп алудан бас тартса;
- өндіріп алушы мен борышкер бітімгершілік келісімін жасасса және оны сот бекітсе;
- шешімде белгіленген талаптар немесе міндеттер өндіріп алушы немесе борышкер болып табылатын азамат қайтыс болғаннан кейін қайтыс болған адамның құқықтық мирасқорына ауыспайтын болса;

- борышкерді белгілі бір әрекеттерді жасауға міндеттейтін атқарушылық құжатты орындау мүмкіншілігі жоғалса;
- тиісті органның атқарушылық құжатты бергенде негізге алынған шешімінің күші жойылса;
- атқарушылық құжаттың өндіріп алу немесе өзге де талабы толық көлемде орындалса;

- өндіріп алушы немесе борышкер болып табылған заңды тұлғаны тарату аяқталса;
- заттарды өндіріп алушыға беру туралы атқарушылық құжатты орындау кезінде өндіріп алушы борышкерден алып қойылған заттарды алудан бас тартса;
- мүлікті тәркілеу туралы атқарушылық құжаттың орындалуы барысында борышкерде мүлкі, оның ішінде ақшасы, бағалы қағаздары немесе табысы болмаса, сот орындаушысы қабылдаған, оның мүлкін немесе табысын анықтау жөніндегі заңда көзделген шаралардың барлығы нәтижесіз болса;

- Қазақстан Республикасының АПК-нің 354
бабында көзделген негіз бойынша қайта
құрылымдауды тоқтату туралы соттың
шешімі заңды күшіне енсе, тоқтатылады.

Атқарушылық іс жүргізу тоқтатылған жағдайларда сот орындаушысы **бір тәуліктің ішінде** бұл туралы қаулы шығарады.

Тиісті белгісімен атқарушылық құжатты не оның көшірмесін сот орындаушысы сотқа немесе құжатты берген басқа органға жібереді.

Атқарушылық құжаттың орындауға ұсынылу мерзімін сот қалпына келтірген не сот орындаушысының іс жүргізу тоқтатылған атқарушылық құжатты орындау жөніндегі әрекеттері заңсыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, **тоқтатылған атқарушылық іс жүргізуді қайта бастауға болмайды.**

***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!***